

“Мемлекет пен құқықтың пайда болуы”



“Құқық негіздері” пәні

Дайындаған: Абекенов Мақсат

Мемлекеттің дамуы

Мемлекеттің дамуы – мемлекет қоғамдық еңбек бөлінісінің, жеке меншіктің пайда болуы нәтежиесінде алғашқы қауымдық құрылыс, тапқа бөлінуінің туындысы. Мемлекет жария үкіметтің пайда болуы мен іс - әрекетінің нәтежиесі ретінде қалыптасатын, қоғам өмірін ұйымдастырудың нысаны.

- **Мемлекеттің пайда болуының, дамуының түрлері:**
- **Шығыс елдерінде** (Иран, Индия, Араб т.б. Шығыс типтегі елдерде) мемлекеттің қалыптасуы негізінен қоғамдық меншікті қорғаумен байланысты. Себебі алғашқы қоғам ыдырау кезінде бұл елдерде күрделі құрылыстар болды: ірі су каналдарын жасау, суармалы ирригациялық жүйелер құру, құрғақшылықпен күресу. Сол меншіктің иелері: шенеуніктер, ру, тайпа басшылары, хандар, императорлар мен корольдер болды.
- **Шығыста мемлекеттердің қалыптасу себептері:**
 - *ірі ирригациялық жүйелерді жасау;*
 - *оны іске асыру үшін құралдарды, жұмысшыларды жүйелі түрде топтастыру;*
 - *барлық жұмыстарды бір орталықтан басқару.*

Мемлекеттің басқару аппараты бұрынғы ру, тайпаны басқарған аппараттан өсіп қалыптасты. Жаңа аппарат қалың бұқарадан алыстай түсіп, әділетсіздікті, қанаушылықты күшейтті.



Еуропа елдерінде – мемлекет жеке меншіктің шапшаң, күрделі дамуы, қоғамның тапқа бөлінуі арқылы қалыптасты.

Афина мен Римде алғашқы қоғамның ыдырауы кезінде экономикалық күшті топтар мен таптар мемлекеттік билікті өз қолдарына алып, өз мүдде – мақсаттарын орындайтын мемлекеттік аппарат орнатты. Бұл мемлекеттер, көбінесе, демократиялық жүйедегі саяси бірлестік болып қалыптасты.

Германияда мемлекеттің қалыптасуы басқаша болды. Қалың бұқара байларға тәуелді болды, феодалдық қатынастар дами бастады. Осы типті мемлекеттер еуропаның бірнеше елдерінде Ресейде, Ирландияда және т.б. Қалыптасты.

Мемлекет пен құқықтың пайда болу теориялары:

“Теологиялық теория”

Мемлекет пен Құқық тек қана Құдайдың әмірімен қалыптасып, дамып келеді деп түсіндіреді. Мемлекеттік билік құдайдан бастау алады деп есептелінеді.

Бұл теорияны ұстанушылар “Барлық билік Құдайдан” деген қағиданы берік ұстанады.



“Патриархалды теория”

Мемлекеттің пайда болуын отбасымен байланыстырады. Күрделі ірі патриархалдық отбасы басшысы бірте – бірте мемлекеттің басшысына айналған. Отбасы басшысы - әке, мемлекет басшысы – монарх.

“Шартты теория”

Мемлекет – шарт нәтежиесі. Бұл шартты қабылдаушылар – адамдар. Яғни, осы шарттың негізінде адамдар өз бостандықтарын, өз билігін мемлекетке тапсырады.

“Күштеу теориясы”

Мемлекеттің пайда болуы негізі – “күштеу” деп есептелінеді. Күштеу әрекеті – бір халықтың екінші халықты жаулауынан байқалады.



“Психологиялық теория”

Мемлекет – адамдардың біріккен психологиялық көзқарасы, іс - әрекеті, мінезі, тәртібі – бәрі келісіп, ұжымдық түрде басқарару деген тұжырымға негізделген.




“Табиғи теория”

Бұл теорияны жақтаушылардың пайымдауынша, мемлекетті, құқықты ешкім ойлап тапқан жоқ, олар адамның өзі сияқты табиғаттан бастау алып, әділеттілікке негізделген абсолюттік ұғымдар деп атайды.



“Маркстік теория”

Мемлекет қоғамдық еңбек бөлінісінің, отбасының, жеке меншіктің және бір – біріне деген қарама –қайшылықтағы таптардың шығуынан пайда болды



Мәнжазба – презентацияны дайындаған: Абекенов Мақсат.
“Мемлекеттік және жергілікті басқару” 1 – курс
“Құқық негіздері” пәні

Тақырыбы: “Мемлекет пен құқықтың пайда болуы, дамуы”